

Бекітемін
«Явленка АА» ШЖҚ КМК
Директордың м.а.
Е.Береснева
«20» мамыр 2025 жыл



Бейімдеу және тәлімгерлік орталығы туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. Осы Бейімдеу орталығы туралы ереже «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 220-бабы З-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өзірленді және медициналық ұйымдардағы Бейімдеу және тәлімгерлік орталықтарының (бұдан әрі - Орталық) мақсаттарын, қызметін, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ жауапкершілігін айқындайды.
2. Бейімдеу және тәлімгерлік орталығы туралы ереже медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.
3. Орталық медициналық ұйымда күрылады және оның күрылымдық бөлімшесі болып табылады.
4. Орталық Қазақстан Республикасының Конституациясына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Үлгілік ережеге және медициналық ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жұмыс істейді.
5. Орталық қызметінің негізгі мақсаты дәрігерлерді, орта және кіші медициналық қызметкерлерді қоса алғанда, медицина қызметкерлерінің біліктілігін, кәсіби құзыреттілігін және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында олардың кәсіби бейімделуі мен тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру болып табылады.
6. Алға койылған мақсатты іске асыру үшін Орталық мынадай қызмет бағыттарын жүзеге асырады:
 - 1) бейімделу;
 - 2) тәлімгерлік;
 - 3) кәсіптік дағдыларды дамыту;
 - 4) психологиялық қолдау;
 - 5) бағалау және мониторинг.

7. Орталық өз қызметін медициналық ұйымның бейінді күрылымдық бөлімшелерімен, білім беру мекемелерімен, мемлекеттік органдармен, денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық және кәсінтік бірлестіктермен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

2. Орталықтың қызметін ұйымдастыру

8. Орталыққа басшылықты Орталықтың басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға жүзеге асырады.
9. Орталықтың штаты:
 - 1) Бағыттарды үйлестірушілер (бейімдеу, тәлімгерлік, оқыту, психологиялық қолдау);
 - 2) Тәлімгерлер (іріктеу өлшемдеріне сәйкес анықталады).

3. Орталықтың функциялары мен ісілдептіктері

10. Орталықтың функциялары:

- 1) жас мамандар үшін тәлімгерлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- 2) кіріспе тренингтерді, корпоративтік мәдениетпен, медициналық ұйымның құрылымымен, лауазымдық міндеттерімен танысады, тренингтер мен экскурсияларды қоса алғанда, жаңа қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- 3) тәлімгерлер пулын қалыптастыру, олардың қызметін үйлестіру, тәлімгерлердің қамкорлықтағылармен тұрақты кездесулерін қамтамасыз ету, жас мамандарды сүйемелдеу;
- 4) медициналық көмектің жаңа технологиялары мен стандарттарын колдануды қоса алғанда, диагностиканың, емдеудің қазіргі заманғы әдістері мен басқару дағылары бойынша мамандандырылған тренингтер мен оқыту өткізу, тәжірибе алмасу үшін тұрақты кездесулер, семинарлар мен тренингтер өткізу;
- 5) стрессті азайту және эмоционалдық шаршауды болдырмау үшін кәсіби психологтармен жеке консультациялар мен топтық сессияларды қоса алғанда, психологиялық қолдау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- 6) бейімдеу және тәлімгерлік бағдарламаларының тиімділігін мониторинглеу және бағалау, жас мамандардың құзыреттерін дамытуды тұрақты бағалау;
- 7) Орталықтың іс-шараларын өткізу жөніндегі құжаттаманы жүргізу;
- 8) атқарылған жұмыс туралы есептер дайындау және тәлімгерлік бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

11. Орталық құқылы:

- 1) тәлімгерлік пен бейімделудің жаңа бағдарламаларын әзірлеуге бастамашылық жасауға;
- 2) өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға;
- 3) оқыту іс-шараларын жүргізу үшін сыртқы сарапшылар мен мамандарды тартуға .

12. Орталық міндетті:

- 1) тәлімгерлік және бейімдеу бағдарламаларының уақытының және сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.;
- 2) өз қызметі туралы есептілікті ұсынуға;
- 3) дербес деректердің құпиялышы мен қорғалу талаптарын сактауға міндетті.

4. Жауапкершілік

13. Орталық осы Үлгілік ережеде көзделген қызметтің негізгі бағыттары мен функцияларының сапалы орындалуы үшін жауапты болады.

14. Орталықтың басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам, сондай-ақ Орталықтың қызметкерлері ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен тәлімгерлік және бейндеу бағдарламалары шенберінде өз қызметінің нәтижелері үшін жауап береді.

5. Қорытынды ережелер

15. Осы Ережені ұйымның басшысы бекітеді және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

16. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен енгізіледі.